

«Келісілді»  
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»  
КММ директорының м.а.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
Л. Кездикбаева  
2023 ж.



«Бекітемін»  
«Шығыс Қазақстан  
ауылшаруашылық колледжі»  
КММК директоры

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
У. Оспанов  
2023 ж.



**ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ауылшаруашылық  
бағытындағы оқу ұйымдарының студенттері арасында өтетін  
«VetPro» облыстық кәсіби шеберлік сайысының  
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қ., 2023 ж.

## 1. Жалпы ереже

Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіби білім беру жүйесі ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындары студенттерінің арасында өтетін «VetPro» облыстық кәсіби шеберлігінің сайысы (ары қарай - Сайыс) ауылшаруашылық бағытындағы облыстық әдістемелік бірлестігінің жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.1 Осы ереже Сайысты өткізудің тәртібі мен жағдайын реттейді.

1.2 Сайысты өткізу мерзімі: **27 сәуір 2023 жыл.**

1.3 Өткізу орны: «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК ветеринарлық клиникасы. Мекенжайы: ШҚО, Ұлан ауданы, Саратовка ауылы, Молодежная көшесі, 4.

1.4 Сайысты ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК, ауылшаруашылық бағыты оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

1.5 Сайысқа қатысушылар: ШҚО ТЖКББ «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алатын студенттер.

1.6 Сайысқа қатысу өтінімі **2023 жылғы 20 наурызынан 2023 жылғы 21 сәуіріне** дейін [alibekkyzy95@list.ru](mailto:alibekkyzy95@list.ru) электрондық поштасына қабылданады. *(Қосымша 1)*

## 2. Сайыстың мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты** – Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алушы студенттердің кәсіби шеберлік деңгейін анықтау.

**Міндеттері** - студенттердің кәсіби дайындығының деңгейін анықтау, кәсіби деңгейін арттыру, барлық қатысушыларға біркелкі жағдай мен мүмкіндік беру.

## 3. Сайысты өткізудің жағдайы

1. Сайысқа техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алатын студенттері қатыса алады.

2. Әрбір колледж сайысқа 2 қатысушы жібере алады.

## 4. Қолдану саласы

Техникалық сипаттама сайысқа қатысушылар және сараптама комиссиясы мүшелерінің назарына жетуі тиіс.

Ветеринарлық техник құзыреттілігі сайысына 2 қатысушы қарастырылған (қазақ немесе орыс тілдерінде). Жетекші – 1, 2 адам (қазақ немесе орыс тілдерінде).

## 5. Біліктілік және жұмыс ауқымының көлемі

Сайыс міндеті «Ветеринария» бағыты бойынша қатысушылардың кәсіби дағдыларын көрсету және бағалау болып табылады, сондықтан сайыстық тапсырмалар тек қана тәжірибелік тапсырмалардан тұрады.



## 6. Сайыс тапсырмалары

Сайыс тапсырмаларының құрылымы.

Сайыс 4 тапсырмадан тұрады:

1. Үй тапсырмасы «Менің мамандығым-менің мақтанышым» - студенттің өндірістік іс-тәжірибесінен бейнепрезентация. Берілетін уақыт 3-4 минут.

2. «Индеттану» пәнінен ірі-қара және ұсақ малдың күре тамырынан қан алу техникасын көрсету.

3. «Фармакология» пәнінен жануарлардың ағзасына дәрілік заттарды енгізу әдістері.

4. «Ветеринарлық хирургия» пәнінен:

- лапоротомия (қоян, мысық);

- қозыларды пішу.

### ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

*«Менің мамандығым - менің мақтанышым»* студенттің өндірістік іс-тәжірибесінен бейнепрезентация.

Сайысқа қатысушы білу және істей алуы тиіс:

- өндірістік-технологиялық іс-тәжірибеде атқарған жұмыстарымен таныстыру;

- мамандығы бойынша өндірістік-технологиялық іс-тәжірибедегі қалыптасқан ойымен бөлісу.

*«Индеттану» - ірі-қара және ұсақ малдың күре тамырынан қан алу техникасын көрсету*

Сайысқа қатысушы білу және істей алуы тиіс:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;

- техника қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- жұмыс орнын залалсыздандыру;

- күре тамырдан қан алу техникасын көрсету.

*«Фармакология» - жануарлардың ағзасына дәрілік заттарды енгізу әдістері*

Сайысқа қатысушы білу және істей алуы тиіс:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;

- техника қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- жұмыс орнын залалсыздандыру;

- жануарлардың ағзасына дәрілік заттарды енгізу техникасын көрсету (тері астына, бұлшық етке, тамыр ішіне).

*«Ветеринарлық хирургия»*

*1) Лапоротомия (қоянға, мысыққа)*

Сайысқа қатысушы білу және істей алуы тиіс:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;

- техника қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- дәрілік заттарды енгізу техникасын сақтау;



- отаны жасау орнын дайындау;
- ота жасау реттілігін сақтау;
- жараны отадан кейін тазарту;
- отадан кейінгі жануарлардың күтімі жайлы ұсыныс.

## 2) Қозыларды пішу

Сайысқа қатысушы білу және істей алуы тиіс:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;
- техника қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- отаны жасау орнын дайындау;
- ота жасау реттілігін сақтау;
- жараны отадан кейін тазарту;
- отадан кейінгі жануарлардың күтімі жайлы ұсыныс.

## 7. Сараптама комиссиясы

1. Сайысқа қатысушылардың тәжірибелік жұмыстарын 3 адамнан тұратын сараптама комиссиясы мүшелері (мекемелердің өкілдері) бағалайды.

2. Сараптама комиссиясының мүшелеріне сайысқа қатысушылардың тапсырмаларды орындауда тәжірибелік дағдыларын бағалау, тапсырмаларды орындаудың дұрыстығын, еңбек тәсілдерін, жұмысты орындаудың техникалық әдістерін, орындалу уақытын, тазалық пен жеке бас гигиенасы, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды бақылау жүктеледі.

## 8. Бағалау шарттары

Осы тарауда бағалау шарттары және қойылатын ұпай саны мысалға келтірілген. Барлық бағалау шарттары бойынша жалпы ұпай саны 100 құрайды.

Пәндер	Тапсырма атаулары	Орындау баллы
Үй тапсырмасы	«Менің мамандығым-менің мақтанышым» бейнепрезентация	10
Индеттану	Күре тамырдан қап алу техникасы	15
Фармакология	Жануарлар ағзасына дәрілік заттарды енгізу әдістері	15
Ветеринарлық хирургия	Лапаротомия	30
Ветеринарлық хирургия	Қозыларды пішу	30
<b>Барлығы:</b>		<b>100</b>

Тапсырмаларды орындау барысында қателер мен ескертулер болмаған жағдайда, максималды ұпай саны қойылады.

Қатысушыларға әрбір тапсырманы орындау барысында жетекшісімен талқылауға рұқсат берілмейді.

## 9. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғауға қойылатын талаптар

### *Жұмыс басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары:*

- сайысқа қатысушылар сайыс алаңына шығарда халат (комбинезон), қолпақ (чепчик), аяқ киімін ауыстыру (бахилы) қажет;

- сайыс алаңының аймағына сырт киімдерін, тамақтарын сақтауға және тамақтануларына, сондай-ақ, темекі шегуге тыйым салынады.

### *Жұмыс уақытындағы қауіпсіздік талаптары:*

- сайыскерлер жұмыс уақытында сайыс алаңында тыныштықты, тәртіпті, тазалықты сақтау қажет, тездетуге, асықтыруға жол берілмеуі керек;

- сайыс алаңында сайыскерлерге баруға, оларға сайыс тапсырмаларын орындау бойынша кеңес беруге, немесе басқа істермен, өзге әңгімелермен олардың ойларын бөлуге тыйым салынады;

- сайыскерлерге сарапшының рұқсатынсыз белгіленбеген уақытта немесе сарапшы болмаған жағдайда сайыс алаңында жұмыс істеуге тыйым салынады;

- сайыскерлерге сайыс тапсырмаларына қатысы жоқ, тәжірибелік жұмыстарды орындауға тыйым салынады;

- сайыскерлер арнайы киімдерін, санитарлық қорғау құралдарын (чепчик, маска, халат, фартук, қолғап, бахилла) өздерімен алып келуі керек, арнайы киімдерімен сайыс алаңынан тыс жерлерге шығуға тыйым салынады;

- сайыскерлерге сайыс тапсырмалары бойынша өздерімен тулбокс әкелуге рұқсат беріледі;

- сайыс тапсырмаларын орындауға кірісерден бұрын, құралдар, аппараттар және басқа құрылғылардың жұмыс істеуін тексеру қажет;

- сайыскерлер жануарлармен, құралдармен, жабдықтармен жұмыс істеу барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтаулары қажет.

### *Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік техникасы:*

- жұмыс аяқталғаннан кейін сайыскер өзінің жұмыс орнын жинастыруы қажет.

### *Еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар:*

- сайыс тапсырмаларын орындауға денсаулық жағдайында медициналық қарсы көрсеткіші жоқ, жұмыс орнында алғашқы нұсқаудан өткен сайыскер жіберіледі;

- жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырмай, жануарлармен жұмыс істеу ережелерін бұзу жағдайында, жабдықтармен жұмыс істей алмайтын сайыскер сайыс тапсырмаларын орындауға қатыспайды;

- сайыскер тапсырма орындау барысында өрескел қателіктер жіберген жағдайда сайыстан шеттетіледі.

## 10. Сайыс алаңында тыйым салынған материалдар мен жабдықтар

Сайыс тапсырмаларын орындау кезінде байланыс құралдарын, анықтама материалдарын пайдалануға тыйым салынады.

## 11. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

1. Сайыс жеңімпазы тапсырмаларды орындауда үздік көрсеткіш (балл) бойынша анықталады.



2. Сайыс қорытындысы хаттамада рәсімделеді. Хаттамада кезеңдерді орындау нәтижелері және бағалардың қорытынды ақпарат тізімі қоса ұсынылады.

3. Жеңімпаздар ШҚО кәсіптік білім беру орталығының I, II, III, дәрежелі Дипломдарымен, алғыс хатпен (жеңімпаздардың жетекшілері) және қатысушы сертификаттарымен марапатталады.

\* Қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығындары жіберуші тарапынан төленеді.

\* Қосымша ақпарат алу үшін «Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК арнайы пәндер оқытушысы Тұрахан Жанатқа **87716246704**, «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ әдіскері Кадирова Лензат Сериккановнаға **87717522166** хабарласуға болады.



«VetPro» облыстық кәсіби шеберлік байқауының  
ұйымдастыру комитеті «Шығыс-Қазақстан  
ауылшаруашылық колледжі» КМҚК-не

**Сайысқа қатысуға өтінім**

Колледждің толық атауы	Қатысушылардың жетекшілерінің тегі, есімі, әкесінің аты	Лауазымы	Қатынас телефоны	Қатысушы ның аты- жөні	Маманд ық/ біліктілігі/ курс

Қатысушының қолы \_\_\_\_\_

Жетекшінің қолы \_\_\_\_\_

